

Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1456 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 18-05 /290 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 4 5 6 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын жүргізу Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында балық шаруашылығын жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық шаруашылығын жүргізу т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен .

2. Балық шаруашылығын жүргізу деп заңды және жеке тұлғалардың балық ресурстары мен басқа су жануарларын, ұтымды пайдалану, оларды қорғау, өсімін молайту, өсіру, аулау, қайта өңдеу және сату жолымен шаруашылық-пайдалы өнімді алуға бағытталған шаруашылық қызметін жүзеге асыруы түсініледі.

3. Балық шаруашылығын жүргізу ережесінің сақталуын бақылауды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) және (немесе) оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады .

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Балық шаруашылығын жүргізуге қойылатын негізгі қағидаттар мен талаптар

4. Балық шаруашылығын жүргізумен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) балық шаруашылығын экологиялық, экономикалық, ғылыми және өзге де мүдделерді оңтайлы үйлестіру негізінде жүргізу;

2) балықтардың және басқа да су жануарларының түрлік сан алуандығын сақтау, көл-тауар балық өсіру шаруашылығын жүргізу үшін берілген суаттарды қоспағанда, оларды пайдаланудың ғылыми ұсынымдарға негізделген режимін белгілеу ;

3) балық ресурстарын пайдалану құқығын су объектілерін пайдалану құқығынан бөлу ;

4) балық қорларын қорғау мүддесі үшін балық шаруашылығы суаттарын басқа пайдаланушылардың құқықтарын шектеу;

5) балық ресурстарына әсерін тигізетін немесе тигізуі мүмкін шаруашылық және өзге де қызметтің мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтуінің міндеттілігі ;

б) жануарлар дүниесін пайдаланушылардың суаттардың ихтиофаунасы мен

оларды қоршаған ортаға келтірген зиянын толық өтеуі.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қ а у л ы с ы м е н .

5. Балық шаруашылығын жүргізуге қойылатын негізгі талаптар:

1) балық ресурстары мен басқа да су жануарларын биологиялық негізделген түрде және тұрақты пайдалану;

2) суаттардың өнімділігін сақтау, балықтарды және басқа да су жануарларын көбейтудің, өріс аудару жолдары мен олар шоғырланған жерлерінің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету;

3) осы Ереженің талаптарын сақтау;

4) балық ресурстарының өсімін молайту;

5) ауланған балық пен басқа да су жануарларының есебін жүргізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен уәкілетті органға есеп беру;

6) балық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметті құру және оны ұстау есебінен бекітілген су айдындарын және (немесе) учаскелерін және сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарларды қоса алғанда, жануарлар дүниесі объектілерін қорғауды қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының балық қорлары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасына сәйкес басқа да талаптарды орындау.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қ а у л ы с ы м е н .

6. Балық шаруашылықтары өздерінің қызметтерінің бағыттары бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1) балық өнеркәсібі шаруашылығы - негізгі қызметі балық ресурстарын және басқа да су жануарларын кейіннен қайта өңдеумен немесе сатумен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде алу, болып табылатын шаруашылық;

2) балық өсіру шаруашылығы - тауарлық балықты және (немесе) балық орналастыру материалын шығару мақсатында жасанды түрде жасалған су айдындарында құрылатын шаруашылық.

Балық аулау шаруашылығына уылдырық шашу-өсіру шаруашылықтары, балық питомниктері, сондай-ақ тауарлық өнімді өсіруге мамандандырылған шаруашылықтар (көл-тауар, тоғандық, судағы торлы балық шарбағы және балықтарды, азықтық организмдер мен басқа су жануарларын жасанды жолмен өсіру бойынша бейімделген басқа да шаруашылықтар нысанындағы) жатады.

Көл-тауар балық өсіру шаруашылығы (бұдан әрі - КТБӨШ) - су айдындарда шаруашылық-құны төмен балықтарды аулау, орналастыру, өсіру және кейіннен

оларда балықтың бағалы түрлерін аулау есебінен ихтифаунаны толық немесе ішінара алмастыру жолымен балық шаруашылығын пайдалануды жақсартумен айналысатын шаруашылық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

3. Балық шаруашылығын жүргізу үшін негіздемелер

7. Мыналар:

облыстық атқарушы органның балық шаруашылығы суаттарын (учаскелерін) бекітіп беру туралы шешімі;

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі бекіткен үлгі нысан бойынша уәкілетті орган мен су айдынын және (немесе) учаскесін пайдаланушының арасында жасалатын балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566; 23.08.2013 N 825 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін пайдаланушыға бекітіп беру заңнамада белгіленген тәртіппен өткізілетін балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурсының қорытындылары негізінде облыстық атқарушы органның шешімімен жүзеге асырылады.

Су қорғау белдеулерін балық шаруашылығын жүргізу үшін пайдалануға Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасына сәйкес конкурстың нәтижелері бойынша облыстың жергілікті атқарушы органы береді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

9 - 11. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

4. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы суаттарын (учаскелерін) және жануарлар дүниесі объектілерін қорғау

12. Бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін және жануарлар дүниесі объектілерін қорғауды балық шаруашылығы субъектілері:

- 1) балық шаруашылығын, жануарлар дүниесі объектілерін қорғау режимі туралы және қорғау режимі мен жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық туралы ақпарат беретін аншлағтар, плакаттар орнату;
- 2) қорықшылық қызметін құру және оның күзет қызметін ұйымдастыру;
- 3) санитарлық-эпидемияға қарсы (алдын-алу) шаралар жүргізу;
- 4) жергілікті тұрғындардың арасында жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау идеясын насихаттау;
- 5) балық шаруашылығын жүргізудің ішкі тәртібін белгілеу арқылы жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

5. Жануарлар дүниесін пайдалану және акваөсіру

Ескерту. 5-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

13. Балық ресурстарын және басқа су жануарларын алу Балық аулау ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпшілік балық аулау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін лимиттерге сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпшілік балық аулау үшін қолданылатын балық аулау құралы, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісілген таңбалау белгілерімен белгіленуі тиіс.

Әуесқойлық (спорттық) балық шаруашылығын ұйымдастыруды жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты бар пайдаланушылар жүзеге асырады.

Жолдамаларды әуесқойлық (спорттық) балық аулауға беру тәртібі туралы ақпарат жалпыға бірдей қол жетімді болуы тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Су айдындарын КТБӨШ-ға бөлу су айдыны бекітіліп берілген пайдаланушының бастамасы бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуге биологиялық негіздеме болған кезде жүзеге асырылады.

Балық шаруашылығын жүргізудің бекітілген жоспары негізінде жоспарланған дайындық жұмыстарының кешені жүргізілгеннен кейін осы су айдынын пайдалануға бекітіп берген облыстық атқарушы орган жанындағы комиссия су айдының КТБӨШ нысанында пайдалануға көшіру жөніндегі жұмыстардың аяқталғаны туралы акт жасайды.

Комиссия құрамына уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, облыстық

атқарушы органның, биологиялық негіздемені әзірлеген ғылыми ұйымның, су қорын пайдалану және қорғау, сумен қамтамасыз ету, су беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Балық аулау ережесі КТБШ-ға қолданылмайды.

6. Балық шаруашылығын жайластыру

Ескерту. 6-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

15. Балық шаруашылығын ұйымдастыру - балық өсіру-мелиорациялық, қорғау және өсімін молайту іс-шаралар кешенін жүзеге асыру, абаттандыру, балық шаруашылығын жүргізу жоспарына сәйкес балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп бергеннен кейін пайдаланушы жүргізетін балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорын ғылыми-зерттеуді ұйымдастыру және оның деректерін нақтылау.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.08.2013 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Балық шаруашылығын жайластыруды жүзеге асыру балық шаруашылығын жүргізудің міндетті шарты болып табылады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

17. Шаруашылық ішілік жайластырудың мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен материалдары бойынша әзірленген балық шаруашылығын жүргізу жоспарын уәкілетті органмен келісім бойынша балық шаруашылығы субъектісі бекітеді және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

18. **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.**

19. Балық шаруашылығын жүргізу жоспары:

1) балық ресурстары мен басқа да су жануарларының және олардың өмір сүру ортасының жай-күйін бағалауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ қырылу қаупі жоқ балық шаруашылығы су айдындарында осы қызмет түріне құқығы бар ғылыми ұйымдар жүргізетін алудың оңтайлы жол берілетін көлемдерін айқындауды;

2) ағымдағы мелиорация жүргізу және бөлектеніп қалған суаттарда жас балықтарды құтқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірледі;

3) биологиялық-экономикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес жануарлар дүниесі объектілерін қорғау мен олардың өсімін молайтуды қамтамасыз ететін іс-шаралар әзірледі;

4) балық шаруашылығы қызметінің неғұрлым тиімді бағытын (әуесқойлық (спорттық), кәсіптік, кешендік және т.б.) айқындауды қамтиды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

7. Балық шаруашылығын жүргізудің экономикалық тетіктері

20. Балық шаруашылығын жүргізу саласындағы экономикалық тетіктер:

1) балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жай-күйін бағалау және пайдаланушыларға бекітіліп берілген балық шаруашылығы суаттарындағы (учаскелеріндегі) алудың оңтайлы жол берілетін көлемдерін айқындау жөніндегі ғылыми жұмыстарды пайдаланушылардың қаражаты есебінен қаржыландыруды;

2) пайдаланушының балық және басқа да су биоресурстарын қорғау мен өсімін молайту бойынша іс-шараларды жоспарлауын және қаржыландыруын;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес пайдаланушының балық және басқа да су биоресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерді қамтамасыз етуін;

4) шаруашылық жүргізу субъектілерінің балық және басқа да су жануарлары ресурстарына өздері келтірілген зиянды өтеуін;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де төлемдерді;

6) әуесқойлық (спорттық) балық аулауға арналған жолдамалар сатуды қамтиды.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566 Қаулысымен.

21. Балық ресурстары мен басқа да су жануарлары дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасында
балық шаруашылығын
жүргізу ережесіне

қосымша

**Балық шаруашылығын жүргізуге арналған
ШАРТ**

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.06.14 № 566
Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК